

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Зерттеу қызметін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне»
енгізілген Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында
(scientific publication «Zertteushi») жариялауға ұсынылатын авторлардың
ғылыми мақалаларына қойылатын талаптар**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 25.02.2025ж. №ЗТ-2025-00533747 ресми хатына сәйкес, Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымы (scientific publication «Zertteushi») «Зерттеу қызметін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне» енгізілгенін хабарлаймыз.

Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымының (scientific publication «Zertteushi») құрылтайшысы: «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі.

2024 жылғы 23 желтоқсанда Түркия Республикасы, Анкара қаласындағы Башкент университеті мен Қазақстан Республикасы, Астана қаласындағы «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде келісім жасалып, қол қойылып, бекітілді.

Аталған келісімге сәйкес 2025 жылдан бастап халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымы (scientific publication «Zertteushi») Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Башкент университетімен бірге шығарылады.

Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында (scientific publication «Zertteushi») қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде:

- «Педагогикалық ғылымдар»;
- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар»;
- «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат»;
- «Бизнес, басқару және құқық»;
- «Қызмет көрсету» бағыттары бойынша қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзекті мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жарияланады.

Осыған орай, халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында (scientific publication «Zertteushi») жариялау үшін:

- Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының, ізденуші-ғалымдардың ғылыми мақалаларын;

- ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.02.2025ж. № 32 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» бойынша аттестаттаудан өткізілетін педагогтердің ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалаларын;

- Мектеп оқушылары мен жетекші-мұғалімдердің 9(8)-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсына, «Зерде» зерттеу жобалары конкурсына, басқа да конкурстарға ұсынылған ғылыми жобаларын қабылдайтымызды хабарлаймыз.

Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында (scientific publication «Zertteushi») жариялауға ұсынылатын ғылыми мақалалардың мазмұнына қойылатын талаптар:

- Мақала автордың зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде өзі жазған, бұған дейін ешқандай газет-журналда жарияланбаған жұмысы болуы керек;

- Автор өз жұмысында зерттеп жүрген ғылыми тақырыбы немесе сабақ беретін пәндері бойынша жұмыс тәжірибесі мен терең дүниетанымын дәлелді түрде жазуы тиіс.

Ғылыми мақала – бұрын жарияланбаған және жаңалығы бар авторлық әзірлемелерді, қорытындыларды, ұсынымдарды қамтитын, эксперименттік немесе талдамалық қызметтің, ғылыми зерттеудің өзіндік тұжырымдары мен аралық немесе түпкілікті нәтижелерін; немесе ортақ тақырыпқа байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарауға арналған (жүйелі шолу) баяндау.

Ғылыми мақаланың құрылымы атауынан, аннотациядан, түйін сөздерден, кіріспеден, материалдар мен әдістерден, нәтижелерден, талқылаудан, қорытындыдан, қаржыландыру туралы ақпараттан (бар болған жағдайда), әдебиеттер тізімінен тұрады.

Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында (scientific publication «Zertteushi») жариялауға ұсынылатын ғылыми мақала компьютерде терілген электрондық нұсқада мына талаптарға сай дайындалып, жолданады:

- Көлемі 10 беттен аспайтын жұмыс мәтіні А4 пішініндегі ақ парақ бетіне бір интервалмен, WORD (doc) форматында, 14 өлшемдегі Times New Roman қарпімен қатесіз терілуі;

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 3-5 сөйлемнен тұратын қысқаша аңдатпа-түйін жазылуы;

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 3-5 сөзден тұратын кілт сөздер жазылуы;

- Жұмыстың сол жағынан – 15 мм, жоғары, төменгі, оң жақтарынан – 10 мм орын қалдырылуы;

- Жұмыстың жоғарғы жағында тақырып, автордың толық аты-жөні мен оқытатын пәні немесе оқитын мамандығы, университеттің, колледждің, мектептің орналасқан ауданы мен қаласы, облысы, толық мекен-жайы көрсетілуі;

- Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме ғылыми мақаланың мәтіні ішінде жақша (1) арқылы жасалуы;

- Ғылыми мақаланың соңында пайдаланылған дерек көздері мен әдебиеттердің тізімі берілуі қажет.

Ұсынылған барлық ғылыми мақалалар сараптаудан және редакциялаудан өткізіліп, плагиатқа қарсы тексеріледі.

Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында (scientific publication «Zertteushi») жарияланған университеттердің магистранттары мен студенттеріне, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушы-ұстаздарына, студенттері мен оқушыларына «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің арнайы электрондық Сертификаттары беріледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы» жөніндегі 63-бабына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 33, 35-баптарына сәйкес ғылыми-әдістемелік еңбектерін ғылыми басылымда жариялау үшін авторлар арнайы жарна төлейді.

Жарнаның мөлшерін ғылыми басылымның құрылтайшысы белгілейді.

Жарна мөлшері: 15 500 (он бес мың бес жүз) теңге.

Осы талаптарға сай келмейтін, бұрын жарияланған, басқа ақпарат көздерінен көшіріп алынған, мәтіні компьютерде терілмеген, жарнасы төленбеген, т.б. жұмыстар қарастырылмайды және журналда жарияланбайды.

Біздің есепшотымыз:

Учреждение «Международный научно-образовательный центр «Zertteushi»

БСН: 171240000766

Шоттың нөмірі: KZ188562203140023710

Картаның нөмірі: 4899 8888 9559 8997

Банктің атауы: АО Банк ЦентрКредит

БСК: KСJBKZKX

КБе: 17

КНП: 859

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Зерттеу қызметін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне» енгізілген Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымының (scientific publication «Zertteushi») кезекті санында жариялау үшін жас ғалымдар мен олардың ғылыми жетекшілерінің ғылыми мақалаларын **2025 жылғы 27 мамырға дейін** жолдауға болады.

*Ғылыми басылымда жариялауға ұсынылатын ғылыми мақаланың электрондық нұсқасы және мақаланың соңғы бетіне сканерден өткізу арқылы тіркелген төлемақы түбіртегінің көшірмесі **Интернеттегі мына электрондық пошта арқылы** қабылданады:*

E-mail: zertteushi.kz@gmail.com

Біздің Интернет-ресурсымыз:

<https://zertteushi-ortalygy.kz/>

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс:

Ләзиза Мырзантайқызы (+7 707 355 64 48).

Ескерту:

Құрметті авторлар!

Сіздерден:

1. Ғылыми басылымға жасанды интеллект жүйесінің көмегімен жазылған немесе көшіріп алынған жұмыстарды, сондай-ақ бұған дейін жарық көріп қойған жұмыстарды ұсынбауларыңызды; Интернетте, газет-журналдарда, сондай-ақ, басқа да дерек көздерінде бұрыннан бар жұмыстарды көшіріп алмауларыңызды; шын мәнінде өздеріңіз жазған, әлі баспасөз беттерінде жарияланбаған жұмыстарыңызды жолдауларыңызды;

2. Жұмыс авторларының фотосуреттерін, сонымен бірге жұмыс тақырыбы бойынша басқа да суреттер ұсынатын болсаңыздар – барынша сапалы түсірілген және түрлі-түсті суреттер жіберулеріңізді сұраймыз!